

"Финтрако" фирмасымен контракт жасау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 4 қазан N 469-ө

"Қазақстан Республикасының астанасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 қыркүйектегі 2457 U952457_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Ақмола қаласындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің ғимаратын жобалау және құрылысын салу жөніндегі тапсырысшы болып белгіленсін.

2. "Финтрако" түрік фирмасы ұсынған 10.000 ш. метр алаңдық Қазақстан Республикасы Үкіметі ғимаратының жобасы мақұлдансын.

3. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне Ақмола қаласындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің ғимаратын жобалау мен құрылысын салуға "Финтрако" фирмасымен контракт жасау және оның құны мен құрылысының мерзімін айқындау тапсырылсын.

Премьер-Министр